04FE	Желілік бағдарламалық жасақтамасының жұмысы күтпеген жерден тоқтады.	Желілік байланыстың күйін тексеріңіз. Біраз күтіңіз де, қосылу әрекетін қайталаңыз.
0479 04FF	Проекторда жүйелік қате орын алды.	Проекторды қайта іске қосыңыз.
0891	Осындай SSID қатынасу нүктесін табу мүмкін емес.	Компьютерді, қатынасу нүктесін және проекторды бірдей SSID идентификаторына реттеңіз.
0892	WPA және WPA2 аутентификация түрі сәйкес емес.	Сымсыз жергілікті желінің қауіпсіздік параметрі дұрыс екенін тексеріңіз.
0894	Қате кіру нүктесіне қосылым орнатылғандықтан байланыс ажыратылды.	Желілік әкімшіден біліңіз және оның нұсқауларын орындаңыз.

Event ID	Себеп	Шешім
0898	DHCP алынбады.	DHCP сервері дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз. Пайдаланылып жатпаса, DHCP серверін өшіріңіз. ➤ Network - Network Configuration - Wireless LAN - IP Settings - DHCP 74-6
0020 0026 0032 0036 0037 0038 0899	Басқа байланыс қателері	Егер проекторды немесе желілік бағдарламалық жасақтаманы қайта іске қосу ақаулықты шешпесе, жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз. ➤ Epson проекторының контактілер тізімі

Техникалық қызмет көрсету

Бөліктерді тазалау

Ласталса немесе проекцияланған кескіндердің сапасы нашарлай бастаса, проекторды тазалау керек.

⚠ Ескерту



Проектордың объективінен, ауа сүзгісінен немесе т.б. жерлерінен кірді және шаңды кетіру үшін құрамында жалындағыш газы бар заттарды қолданбаңыз. Шамның жоғары ішкі температурасына байланысты проектор өртенуі мүмкін.

■ Ауа сүзгісін тазалау


Ауа сүзгісінде шаң жиналса немесе келесі хабар көрсетілсе, ауа сүзгісін тазалаңыз.
"The projector is overheating. Make sure nothing is blocking the air vent, and clean or replace the air filter."

Назар аударыңыз

- Егер ауа сүзгісінде шаң жиналса, бұл проектордың ішкі температурасын жоғарылатуы мүмкін және бұл жұмыстағы мәселелерге әкелуі және оптикалық механизмнің қызмет көрсету мерзімін қысқартуы мүмкін. Ауа сүзгісін кемінде үш айда бір рет тазалау ұсынылады. Проекторды шаң өте көп ортада пайдалансаңыз, оларды бұдан жиірек тазалаңыз.
- Ауа сүзгісін суда шаймаңыз. Жуғыш заттарды немесе еріткіштерді пайдаланбаңыз.
- Ауа сүзгісін аздап қана щеткамен тазартыңыз. Щеткамен тым қатты тазартсаңыз, шаң ауа сүзгісіне терең кіріп, шығарылуы мүмкін болмайды.
- Ауамен тазалау құралын пайдаланбаңыз. Жанғыш материал қалып, шаң жоғары дәлдікті талап ететін бөлшектеріне кіріп кетуі мүмкін.

1 Қуатты өшіру үшін қашықтан басқару құралындағы  түймесін немесе басқару тақтасындағы  түймесін басыңыз, содан кейін қуат сымын ажыратыңыз.


2 Ауа сүзгісінің қақпағын алыңыз. Саусағыңызды ауа сүзгісі қақпағындағы ілмекке кіргізіп, оны объективтің бүйірінен шығарыңыз.



3

Ауа сүзгісін алыңыз.


Ауа сүзгісінің ортасындағы тұтқаны ұстап, оны шығарыңыз.



4

Ауа сүзгісін бетін төмен қаратып ұстаңыз және шаңды кетіру үшін 4 немесе 5 рет қағыңыз.

Аударыңыз және екінші жағын дәл солай қағыңыз.




Назар аударыңыз

Тым қатты ұрылса, ауа сүзгісі пішінінің өзгерістеріне және сынықтарға байланысты пайдалануға жарамай қалуы мүмкін.

5


Алдыңғы жағында шаңсорғышты пайдаланып ауа сүзгісінде қалған бүкіл шаңды кетіріңіз.



6

Ауа сүзгісін орнатыңыз.


Ауа сүзгісін ортасындағы тұтқадан ұстаңыз және бұрышпен салыңыз.



7

Ауа сүзгісінің қақпағын орнатыңыз.

Алдымен сыртындағы ілмекті бекітіңіз, содан кейін объектив бүйіріндегі ілмекті бекітіңіз.



Негізгі бөлікті тазалау

Тазалау алдында розеткадан зарядтау адаптерін суырғаныңызға көз жеткізіңіз. Проектордың бетін жұмсақ шүберекпен сүрту арқылы тазалаңыз.

Егер ол өте кір болса, шүберекті бейтарап жуғыш заттың шағын мөлшерін қамтитын суға салып, содан кейін бетті сүртуге пайдаланбай тұрып шүберекті құрғақ болғанша сығыңыз.

Назар аударыңыз

Проектордың бетін тазалау үшін балауыз, алкоголь немесе сұйылтқыш сияқты ұшқыр заттарды пайдаланбаңыз. Корпустың сапасы өзгеруі немесе бояу түсуі мүмкін.

■ Объективті тазалау

Тазалау алдында розеткадан зарядтау адаптерін суырғаныңызға көз жеткізіңіз.

Объектив ысырмасын қолмен ашқаннан кейін, объективтің лас жерін әйнекті тазалауға арналған және т.с.с. шүберекпен мұқият сүртіп алыңыз.


Тазалағаннан кейін объектив ысырмасын жабыңыз.

Назар аударыңыз

Объективті қатты материалдармен үйкемеңіз немесе объективті тым қатты ұстамаңыз, өйткені ол оңай зақымдалуы мүмкін.

Шығын материалдары үшін ауыстыру кезеңдері

■ Ауа сүзгісін ауыстыру кезеңі

- Егер хабар тіпті ауа сүзгісі тазаланған болса да көрсетілсе  93-6

■ Шамды ауыстыру кезеңі

- Проекциялау басталғанда келесі хабарлама көрсетіледі:
"It is time to replace your lamp. Please contact your Epson projector reseller or visit www.epson.com to purchase."
- Проекцияланған кескін күңгірттеу болады немесе нашарлай бастайды.



- Проекцияланған кескіндердің бастапқы жарықтығын және сапасын сақтау үшін шамды ауыстыру туралы хабар 3400 сағаттан кейін пайда болуға реттелген. Хабарды көрсету уақыты түс режимінің параметрі және т.с.с. сияқты пайдалану жағдайына байланысты өзгеріп отырады.
Егер ауыстыру кезеңі өткеннен кейін шамды пайдалануды жалғастырсаңыз, шамның жарылу ықтималдығы артады. Шамды ауыстыру туралы хабар пайда болса, тіпті әлі жұмыс істеп тұрса да шамды жаңасымен мүмкіндігінше тез ауыстырыңыз.
- Шамның сипаттамаларына және оны пайдалану жолына байланысты шам туралы ескерту хабары пайда болмай тұрып шам күңгірттеу болуы немесе жұмыс істеуін тоқтатуы мүмкін. Қажет болып қалатын жағдай үшін әрқашан қосалқы шам дайын болуы керек.



Шығын материалдарын ауыстыру

■ Ауа сүзгісін ауыстыру




Пайдаланылған ауа сүзгілерін тиісті түрде, жергілікті ережелерге сай қоқысқа лақтырыңыз.


- Сүзгі жақтауы: Полипропилен
- Сүзгі: Полипропилен

1 Қуатты өшіру үшін қашықтан басқару құралындағы  түймесін немесе басқару тақтасындағы  түймесін басыңыз, содан кейін қуат сымын ажыратыңыз.


2 Ауа сүзгісінің қақпағын алыңыз. Саусағыңызды ауа сүзгісі қақпағындағы ілмекке кіргізіп, оны объективтің бүйірінен шығарыңыз.



3 Ескі ауа сүзгісін алыңыз. Ауа сүзгісінің ортасындағы тұтқаны ұстап, оны шығарыңыз.




4 Жаңа ауа сүзгісін орнатыңыз. Ауа сүзгісін ортасындағы тұтқадан ұстаңыз және бұрышпен салыңыз.



5

Ауа сүзгісінің қақпағын орнатыңыз.

Алдымен сыртындағы ілмекті бекітіңіз, содан кейін объектив бүйіріндегі ілмекті бекітіңіз.



Шамды ауыстыру



Ескерту



Жанбай қалғандықтан шамды ауыстырып жатқанда шам сынған болуының ықтималдығы бар. Егер төбеге ілінген проектордың шамын ауыстырып жатсаңыз, әрқашан шам сынған деп есептеу керек және шамның плафонын жайлап алу керек. Шамның плафонын ашқанда шынының шағын бөлшектері түсуі мүмкін. Егер шыны бөлшектері көздеріңізге немесе аузыңызға кірсе, дәрігерге бірден хабарласыңыз.



Абай болыңыз


- Шамның плафонына проекторды өшіруден кейін бірден тимеңіз, өйткені ол әлі ыстық. Шамның плафонын алмай тұрып шамның жеткілікті салқындауын күтіңіз. Әйтпесе, күйік алуыңыз мүмкін.
- Түпнұсқалық EPSON шамдарын пайдалану ұсынылады. Түпнұсқалық емес шамдарды пайдалану проекциялау сапасына және қауіпсіздікке әсер етуі мүмкін. Түпнұсқалық емес шамдарды пайдаланудан туындаған кез келген зақымды немесе ақаулықты Epson кепілдігі қамтымайды.

1

Қуатты өшіру үшін қашықтан басқару құралындағы  түймесін немесе басқару тақтасындағы  түймесін басыңыз, содан кейін қуат сымын ажыратыңыз.


2

Шамның плафонын бекіту бұрандасын босатыңыз.




3 Шамның плафонын алыңыз.

Шамның плафонын түзу алға сырғытыңыз және алыңыз.




4 Екі шамды бекіту бұрандасын босатыңыз.




5 Ескі шамды алыңыз.

Шамдағы тұтқаны көтеріп, оны түзу тартып шығарыңыз.




6 Жаңа шамды орнатыңыз.

Шамды дұрыс бағытта салып, тұтқаны төмендетіңіз.




7 Екі шамды бекіту бұрандасын бекемдеңіз.




8 Шамның плафонын қайта орнатыңыз.

Плафонды қайта орнына сырғытыңыз.



9 Шамның плафонын бекіту бұрандасын бекемдеңіз.



Ескерту

Шамды бөлшектемеңіз немесе оның үлгісін өзгертпеңіз. Егер проекторға өзгертілген немесе бөлшектенген шам орнатылса және пайдаланылса, бұл өртке, ток соғуына немесе сәтсіз жағдайға әкелуі мүмкін.

Абай болыңыз


- Шамды және шамның плафонын берік орнатыңыз. Егер дұрыс орнатылмаса, қуат қосылмайды.
- Шамдарда сынап (Hg) бар. Пайдаланылған шамдарды флюоресценттік түтіктерді қоқысқа лақтыру туралы жергілікті заңдарға және ережелерге сай қоқысқа лақтырыңыз.

Шам сағаттарын ысыру


Шамды ауыстырудан кейін шам сағаттарын ысырыңыз.




Проектор шам қанша уақыт қосылып тұрғанын жазады және шамды ауыстыру уақыты келгенде сізге хабар мен көрсеткіш хабарлайды.


1 Қуатты қосыңыз.

2  түймесін басыңыз.
Конфигурация мәзірі көрсетіледі.

3 **Reset - Reset Lamp Hours** параметрлерін таңдаңыз.
Ысыруды растау хабары көрсетіледі.



4   түймелерін пайдаланып **Yes** пәрменін таңдаңыз да, орындау үшін  түймесін басыңыз.
Шам сағаттары ысырылады.





Panel Alignment

СК дисплейдің пиксел түсінің ауытқуын реттейді. Пиксельдерді тігінен жәен көлденең ± 3 пиксель ауқымында 0,125 пиксель бойынша реттеуге болады.




- СКД туралау әрекетін орындаған соң кескін сапасы нашарлауы мүмкін.
- Проекцияланған экранның жиегінен асатын пиксельдері бар кескіндер көрсетілмейді.

1 Проекциялау кезінде  түймесін басыңыз, содан кейін **Extended** ішінен **Display** пәрменін таңдаңыз.

2 **Panel Alignment** опциясын таңдаңыз да,  түймесін басыңыз.






3 **Panel Alignment** функциясын іске қосыңыз.




- (1) **Panel Alignment** опциясын таңдаңыз да,  түймесін басыңыз.
- (2) **On** күйін таңдаңыз да,  түймесін басыңыз.
- (3) Алдыңғы экранға оралу үшін  түймесін басыңыз.

4 Реттегіңіз келген түсті таңдаңыз.

- (1) **Select Color** опциясын таңдаңыз да,  түймесін басыңыз.
- (2) **R** (қызыл) немесе **B** (көк) опциясын таңдап,  түймесін басыңыз.
- (3) Алдыңғы экранға оралу үшін  түймесін басыңыз.


5 **Pattern Color** мәзірінде реттеулерді орындаған кезде көрсетілетін тор түсін таңдаңыз.

- (1) **Pattern Color** күйін таңдаңыз да,  түймесін басыңыз.
- (2) Тор түсі үшін R (қызыл), G (жасыл) және B (көк) қосындысын таңдаңыз.



R/G/B: барлық үш түстің аралас қосынысын көрсетеді: қызыл, жасыл және көк. Тордың өзінің түсі – ақ.

R/G: бұл **R** опциясы **Select Color** мәзірінен таңдалған кезде қолжетімді болады. Екі түстің аралас қосындысын көрсетеді: қызыл және жасыл. Тордың өзінің түсі – сары.

G/B: бұл **B** опциясы **Select Color** мәзірінен таңдалған кезде қолжетімді болады. Екі түстің аралас қосындысын көрсетеді: жасыл және көк. Тордың өзінің түсі – көгілдір.

- (3) Алдыңғы экранға оралу үшін  түймесін басыңыз.

6


Start Adjustments күйін таңдаңыз да,  түймесін басыңыз. Бұл хабар көрсетілген кезде  түймесін қайта басыңыз.


Реттеулер басталады. Реттеулер төрт бұрышта, жоғарғы сол жақ бұрыштан бастап орындалады.




Реттеу барысында кескін бұрмаланған болуы мүмкін. Реттеулер аяқталған соң кескін қалпына келеді.


7



түймелерін пайдаланып реттеулерді орындаңыз да, келесі реттелетін жерге жылжу үшін  түймесін басыңыз.

8

Бұрыштардың төртеуін де реттеген соң, **Exit** опциясын таңдап,  түймесін басыңыз.




Төрт жерді де түзетіп болған соң әлі де параметрлерді реттеу керек екенін сезсеңіз, **Select intersection and adjust** таңдап, реттеу жұмыстарын жалғастырыңыз.

Түстің біртектілігі

Проекцияланған кескіндегі түстер біркелкі болмаса, бүкіл кескін түсінің реңкін **Color Uniformity** функциясында реттеуге болады.




Түс біркелкілігін орындаудан кейін де түс реңкі біркелкі болмауы мүмкін.

1 Проекциялау кезінде  түймесін басыңыз, содан кейін **Extended** ішінен **Display** пәрменін таңдаңыз.

2 **Color Uniformity** күйін таңдаңыз да,  түймесін басыңыз.

Келесі экран көрсетіледі.



Color Uniformity: түстің біртектілігін қосады немесе өшіреді.

Adjustment Level: ақ түстен сұр түске, сондай-ақ қара түске дейін сегіз деңгей бар. Әрбір деңгейді бөлек реттей аласыз.


Start Adjustments: түсті бірыңғай реттей бастайды.


Reset: барлық **Color Uniformity** реттеулері мен параметрлерін әдепкі мәндеріне қалпына келтіреді.






Color Uniformity параметрін реттеу барысында кескін бұрмаланған болуы мүмкін. Реттеулер аяқталған соң кескін қалпына келеді.


3 **Color Uniformity** күйін таңдаңыз да,  түймесін басыңыз.


4 Оны **On** күйіне орнатыңыз, содан кейін  түймесін басыңыз.

5 **Adjustment Level** параметрін таңдаңыз да,  түймесін басыңыз.

6 Реттеу деңгейін орнату үшін   түймелерін пайдаланыңыз.





7 Алдыңғы экранға оралу үшін  түймесін басыңыз.



8 **Start Adjustments** күйін таңдаңыз да,  түймесін басыңыз.


9 Реттегіңіз келетін аймақты таңдаңыз да,  түймесін басыңыз.

Алдымен сыртқы аймақтарды, сосын барып бүкіл экранды реттеңіз.




10 Реттегіңіз келген түсті таңдау үшін   түймелерін басып, реттеу үшін   түймелерін пайдаланыңыз.

Түс реңкін азайту үшін  түймесін басыңыз. Түс реңкін күшейту үшін  түймесін басыңыз.




11 5-қадамға қайтып өтіңіз де, әр деңгейді баптаңыз.

12 Реттеуді аяқтау үшін  түймесін басыңыз.

P2Link туралы ақпарат

P2Link Class1 құралын JBMA (Жапондық көшіру құрылғыларын өндірушілер қауымдастығы) бақылау протоколдарын бір жүйеге келтіруге тырысқан ниеттерінің бөлігі ретінде желімен үйлесімді проекторларды бақылауға арналған қалыпты протокол ретінде бекіткен.

Проектор JBMA бекіткен P2Link Class1 стандартына сәйкес келеді.

P2Link пайдаланудан бұрын желі параметрлерін орнату қажет. Желі параметрлері туралы қосымша ақпарат алу үшін төмендегіні қараңыз.  74-6

Ол төменде көрсетілгендерден өзге P2Link Class1 белгілеген барлық пәрмендермен және P2Link стандартты бейімділік тексерісімен расталған келісімшартпен үйлесімді.

URL: <http://pjlink.jbmia.or.jp/english/>

- **Үйлесімді емес пәрмендер**

	Функция	P2Link пәрмені
Дыбысты өшіру параметрлері	Кескіннің дыбысын өшіру жинағы	AVMT 11
	Аудио дыбысын өшіру жинағы	AVMT 21

- **P2Link және сәйкес проектор көздерімен анықталған кіріс атаулары**

Source	P2Link пәрмені
PC	INPT 11
HDMI1	INPT 32
HDMI2	INPT 33
LAN	INPT 52

- Өндіруші аты «Өндіруші аты туралы ақпараттық сұраныс» үшін көрсетіледі

EPSON

- Үлгі аты «Өнім аты туралы ақпараттық сұраныс» үшін көрсетіледі

EPSON TW7400/PC4050/HC4010

Қосымша қосалқы құралдар және шығын материалдары

Қажет болса, сатып алу үшін төмендегі қосымша қосалқы құралдар/шығын материалдары қол жетімді. Осы қосалқы құралдар/шығын материалдарының тізімі мына мерзімнен бастап жарамды: сәуір, 2018 жыл. Керек-жарақтар туралы мәліметтер ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Сатып алған елге байланысты әр түрлі болады.

Қосымша заттар

Аты	Үлгі нөмірі	Түсіндірме
Төбеге бекіткіш*	ELPMB22 ELPMB30	Проекторды төбеде орнатқанда пайдаланыңыз.
Төбе түтігі 450 (450 мм, ақ)*	ELPFP13	Проекторды биік төбеде орнатқанда пайдаланыңыз.
Төбе түтігі 700 (700 мм, ақ)*	ELPFP14	
Кабель қақпағы	ELPCC05	Мұны кабельдерді жабу және жалпы сыртқы көріністі жақсарту үшін проекторды төбеге орнатқан кезде пайдаланыңыз. Кабель HDMI кабель қысқышымен бекітілген болса, кабель жабынын бекітпеңіз.
Компьютер кабелі (1,8 м)	ELPKC02	Компьютер экранын проекциялаған кезде пайдаланыңыз.
Компьютер кабелі (3,0 м)	ELPKC09	
Компьютер кабелі (20,0 м)	ELPKC10	
Сымсыз жергілікті желі құрылғысы	ELPAR10	Кескіндерді проекциялау үшін сымсыз жергілікті желі арқылы проекторға сыртқы құрылғыны жалғаған кезде қолданыңыз.

*Проекторды төбеге ілу үшін арнайы білім қажет. Жергілікті дилерге хабарласыңыз.

Шығын материалдары

Аты	Үлгі нөмірі	Түсіндірме
Шам	ELPLP89	Пайдаланылған шамдарды ауыстыру үшін пайдаланыңыз. (1 шам)
Ауа сүзгісі	ELPAF39	Пайдаланылған ауа сүзгілерін ауыстыру үшін пайдаланыңыз. (1 ауа сүзгісі)

Қолдау көрсетілетін ажыратымдылықтар

Компьютер сигналдары (аналогтық RGB)

Сигнал	Жаңарту жиілігі (Гц)	Ажыратымдылық (нүктелер)
VGA	60	640 x 480
SVGA	60	800 x 600
XGA	60	1024 x 768
SXGA	60	1280 x 960
	60	1280 x 1024
WXGA	60	1280 x 768
	60	1366 x 768
	60	1280 x 800
WXGA++	60	1600 x 900

HDMI1/HDMI2 кіріс сигналы

Сигнал	Жаңарту жиілігі (Гц)	Ажыратымдылық (нүктелер)
VGA	60	640 x 480
SDTV (480i)	60	720 x 480
SDTV (576i)	50	720 x 576
SDTV (480p)	60	720 x 480
SDTV (576p)	50	720 x 576
HDTV (720p)	50/60	1280 x 720
HDTV (1080i)	50/60	1920 x 1080
HDTV (1080p)	24/30/50/60	1920 x 1080
4K x 2K	24/25/30/50/60	3840 x 2160
4K x 2K	24/50/60	4096 x 2160

3D HDMI кіріс сигналы

Сигнал	Жаңарту жиілігі (Гц)	Ажыратымдылық (нүктелер)	3D пішімі		
			Frame Packing (Кадрларды орау)	Side by Side (Қатар)	Top and Bottom (Жоғарғы және төменгі жақтары)
HDTV (720p)	50/60	1280 x 720	✓	✓	✓
HDTV (1080i)	50/60	1920 x 1080	-	✓	-

Сигнал	Жаңарту жиілігі (Гц)	Ажыратымдылық (нүктелер)	3D пішімі		
			Frame Packing (Кадрларды орау)	Side by Side (Қатар)	Top and Bottom (Жоғарғы және төменгі жақтары)
HDTV (1080p)	50/60	1920 x 1080	-	✓	-
HDTV (1080p)	24	1920 x 1080	✓	✓	✓



Техникалық сипаттамалар

Өнімнің атауы	EH-TW7400	
Сыртқы көрінісі	520 (Е) x 170 (Б) x 450 (Т) мм (реттелетін табанды қоспағанда)	
Панельдің өлшемі	Ені 0,74"	
Көрсету әдісі	Полисиликондық TFT белсенді матрицасы	
Ажыратымдылық	1920 (Е) x 1080 (Б) x 3	
Фокусты реттеу	Моторлы	
Масштабты реттеу	Моторлы (шамамен 1–2,1)	
Шам (жарық көзі)	UNE шамы 250 Вт, үлгі нөмірі: ELPLP89	
Шамды ауыстыру уақыты	3400 сағат	
Қуат көзі	100 - 240 В айнымалы ток $\pm 10\%$, 50/60 Гц, 3,8 - 1,7 А	
Қуатты тұтыну	100 - 120 В/аудан	Номиналды қуат тұтынылуы: 373 Вт
		Күту режимінде қуат тұтынылуы (Байланысты қосу): 2,0 Вт
		Күту режимінде қуат тұтынылуы (Байланысты өшіру): 0,3 Вт
	220 - 240 В/аудан	Номиналды қуат тұтынылуы: 355 Вт
		Күту режимінде қуат тұтынылуы (Байланысты қосу): 2,0 Вт
		Күту режимінде қуат тұтынылуы (Байланысты өшіру): 0,3 Вт
Жұмыс биіктігі	Биіктік 0 - 3048 м	
Жұмыс температурасы	+5 - +35°C (конденсациясыз) (биіктігі 0–1500 м болғанда) +5 - +30°C (конденсациясыз) (биіктігі 1501–3048 м болғанда)	
Сақтау температурасы	-10 - +60°C (конденсациясыз)	
Массасы	Шамамен 11 кг	


Көрсеткіштер жапсырмасы проектордың астыңғы жағына бекітілген.

Коннект орлар	PC порты	1	Шағын D-Sub15 істік (аналық) көк
	HDMI порты	2	HDMI HDCP2.2 (тек HDMI1 порты) үшін, CEC сигналдары үшін, 3D сигналдары үшін, қанық түс
	RS-232C порты	1	Мини D-Sub 9 істік (аталық)
	Trigger Out порты	1	Стерео шағын ұясы (3,5Ф)
	LAN порты	1	RJ-45
	Service порты*	1	USB қосқышы (B түрі)
	USB порты*	1	USB қосқышы (A түрі)
	USB порты (Opt.HDMI қуат көзі үшін)*	1	

*USB 2.0 түріне қолдау көрсетеді. Бірақ, USB порттарының USB қолдайтын барлық құрылғыларда жұмыс істейтініне кепілдік берілмейді.


Еңкейту бұрышы

Пректорды 3° көп бұрышқа еңкейтіп қолдансаңыз, ол зақымдалуы мүмкін немесе жазатайым оқиғаға себеп болуы мүмкін




Сыртқы көрінісі

Бірліктер: мм
















- a Объективтің ортасы
- b Объектив ортасынан ілу қапсырмасын бекіту нүктесіне дейінгі қашықтық



Қауіпсіздік белгілерінің тізімі

Келесі кесте жабдыққа жапсырылған қауіпсіздік таңбаларының мағынасын тізімдейді.

Таңба белгісі	Мақұлданған стандарттар	Мағынасы
	IEC60417 № 5007	"ҚОСУЛЫ" (қуат) Қуат көзіне жалғаулы екенін көрсету үшін.
	IEC60417 № 5008	"ӨШІРУЛІ" (қуат) Қуат көзінен ажыратылғанын көрсету үшін.
	IEC60417 № 5009	Күту Күту жағдайына әкелу үшін жабдықтың қай бөлігі қосулы екені арқылы қосқышты немесе қосқыш күйін анықтау үшін.
	ISO7000 № 0434B IEC3864-B3.1	Абай болыңыз Өнімді пайдалану кезінде жалпы сақтандыруды анықтау үшін.
	IEC60417 № 5041	Абай болыңыз, ыстық бет Белгіленген элементтің ыстық болуы мүмкін екені және мұқият болу қажеттігін көрсету үшін.
	IEC60417 № 6042 ISO3864-B3.6	Абай болыңыз, ток соғу қаупі Жабдықтың ток соғу қаупі бар екенін анықтау үшін.
	IEC60417 № 5957	Тек бөлме ішінде қолдануға арналған Электр жабдықтың тек көбіне бөлме ішінде қолдануға арналғанын анықтау үшін.
	IEC60417 № 5926	Тұрақты қуат қосқышының кереғарлығы Тұрақты қуат қосқышының қосылуы мүмкін жабдық бөлігіндегі оң және теріс қосылымдарды (кереғарлық) анықтау үшін.
	---	
	IEC60417 № 5001B	Батарея, жалпы Батарея арқылы қуаттанатын жабдықта. Құрылғыны анықтау үшін, мысалы, батарея бөлімінің қақпағы немесе қосқыш терминалдары.
	IEC60417 № 5002	Ұяшықты орналастыру Батарея ұстағышын анықтау және ұяшық(тар) дың батарея ұстағышының ішінде орналасуын анықтау үшін.
	---	
	IEC60417 № 5019	Қорғағыш жер қосылымы Ақаулық немесе қорғағыш жер қосылымы электродының терминалы жағдайларында ток соғудан қорғайтын сыртқы өткізгішке қосылуға арналған кез келген терминалды анықтау үшін.

Таңба белгісі	Мақұлданған стандарттар	Мағынасы
	IEC60417 № 5017	Жер ⊕ белгісі талап етілмейтін жағдайларда жерге қосуға (жерге тұйықтау) арналған терминалды анықтау үшін.
	IEC60417 № 5032	Айнымалы ток Техникалық деректер тақтасында жабдықтың тек айнымалы токқа сәйкес екендігін көрсету; сәйкес терминалдарды анықтау үшін.
	IEC60417 № 5031	Тікелей ток Техникалық деректер тақтасында жабдықтың тек тікелей токқа сәйкес екендігін көрсету; сәйкес терминалдарды анықтау үшін.
	IEC60417 № 5172	II класты жабдық Жабдықтың IEC 61140 стандартына сәйкес II класты жабдыққа арналған қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетіндігін анықтау үшін.
	ISO 3864	Жалпы тыйым Тыйым салынған әрекеттер немесе операцияларды анықтау үшін.
	ISO 3864	Жанасу тыйымы Жабдықтың белгілі бір бөлшектеріне жанасудан туындайтын жарақаттарды көрсету үшін.
	---	Шам қосулы кезде проекциялау объективінің ішіне ешқашан қарамаңыз.
	---	Белгіленген элементте проекторға ештеңе қоюға болмайтындығын көрсету үшін.
	ISO3864 IEC60825-1	Абай болыңыз, лазерлі сәулелендіру Жабдықтың лазерлі сәулелендіру бөлшегі бар екендігін көрсету үшін.
	ISO 3864	Бөлшектеу тыйымы Жабдық бөлшектелген болса, ток соғу сияқты жарақат қаупін көрсету үшін.
	IEC60417 № 5266	Күту режимі, жартылай күту режимі Жабдықтың бір бөлігі дайын күйде екенін көрсету үшін.
	ISO3864 IEC60417 № 5057	Абай болыңыз, жылжымалы бөлшектер Қорғау стандарттарына сәйкес жылжымалы бөлшектерден әрі тұруға тиіс екеніңізді көрсету үшін.
	IEC 60417-6056	Абай болыңыз (қозғалмалы желдеткіш қалақшалары) Қорғау стандарттарына сәйкес қозғалмалы желдеткіш қалақтарынан алшақ тұруға тиіс екеніңізді көрсету үшін.
	IEC 60417-6043	Абай болыңыз (өткір бұрыштар) Қорғау стандарттарына сәйкес өнімнің өткір бұрыштарын ұстамауыңыз қажет екендігін көрсету үшін.
	--	Шам қосулы кезде проекциялау объективінің ішіне ешқашан қарамаңыз.



Глоссарий

Бұл бөлімде осы нұсқаулықтың мәтінінің мәтінмәнінде түсіндірілмеген қиын терминдер қысқаша түсіндірілген. Мәліметтерді алу үшін басқа сатылатын жарияланымдарды қараңыз.

HDCP	HDCP — High-bandwidth Digital Content Protection (Жылдамдығы жоғары желінің сандық мазмұнын қорғау) аббревиатурасы. Ол DVI және HDMI порттары арқылы жіберілетін сандық сигналдарды шифрлау арқылы заңсыз көшіруді болдырмау және авторлық құқықтарды қорғау үшін пайдаланылады. Бұл проектордағы HDMI порты HDCP қолдайтындықтан, ол HDCP технологиясының көмегімен қорғалған сандық кескіндерді проекциялай алады. Бріақ, HDCP шифрлаудың жаңартылған немесе түзетілген нұсқаларының көмегімен қорғалған кескіндерді проекциялай алмауы мүмкін.
HDMI™	High Definition Multimedia Interface (Анықтығы жоғары мультимедиа интерфейсі) қысқартуы. Бұл — HD кескіндерін және көп арналы аудио сигналдарды сандық түрде тасымалдау стандарты. HDMI™ — сандық тұтынушылық электроникаға және компьютерлерге арналған стандарт. Сандық сигналды қыспау арқылы кескінді ең жоғары мүмкін сапамен тасымалдауға болады. Сондай-ақ, ол сандық сигнал үшін шифрлау функциясын қамтамасыз етеді.
HDTV	High-Definition Television (Анықтығы жоғары теледидар) қысқартуы. Бұл келесі шарттарды орындайтын анықтығы жоғары жүйелерді білдіреді. <ul style="list-style-type: none"> • Тік ажыратымдылығы 720p немесе 1080i немесе одан үлкенірек (p = прогрессивті, i = кезектескен) • 16:9 экран арақатынасы, Dolby Digital аудиосын қабылдау және ойнату (немесе шығару)
MHL	Mobile High-definition Link (Мобильді анықтығы жоғары байланыс) қысқартуы. Бұл — мобильді құрылғыларда бейне сигналдарды жоғары жылдамдықпен тасымалдауға мүмкіндік беретін стандартты анықтығы жоғары интерфейс. Бұл қысылмаған сандық сигналдарды сапаны жоғалтусыз тасымалдайтын смартфондарға және планшеттерге арналған стандарт, сонымен бірге, осы құрылғыларды бір уақытта зарядтауға мүмкіндік береді.
SDTV	Standard Definition Television (Анықтығы стандартты теледидар) қысқартуы. Бұл HDTV анықтығы жоғары теледидар үшін шарттарды орындамайтын стандартты теледидар жүйелерін білдіреді.
SVGA	800 (көлденеңінен) x 600 (тігінен) нүкте ажыратымдылығы бар экран өлшемінің стандарты.
SXGA	1280 (көлденеңінен) x 1024 (тігінен) нүкте ажыратымдылығы бар экран өлшемінің стандарты.
VGA	640 (көлденеңінен) x 480 (тігінен) нүкте ажыратымдылығы бар экран өлшемінің стандарты.
XGA	1024 (көлденеңінен) x 768 (тігінен) нүкте ажыратымдылығы бар экран өлшемінің стандарты.
YCbCr	SDTV үшін компоненттік кескін сигналдарында, Y — жарықтық, ал Cb және Cr түс айырмашылығын көрсетеді.
YPbPr	HDTV үшін компоненттік кескін сигналдарында, Y — жарықтық, ал Pb және Pr түс айырмашылығын көрсетеді.

Арақатынас	Кескіннің ұзындығы мен биіктігі арасындағы қатынас. HDTV экрандары сияқты 16:9 көлденең:тік қатынасы бар экрандар кең экрандар деп аталады. SDTV және жалпы компьютер дисплейлерінің арақатынасы 4:3 болады.
Жұптастыру	Өзара байланысты қамтамасыз ету үшін Bluetooth құрылғыларының көмегімен қосқан кезде құрылғыларды алдын ала тіркеңіз.
Кезектескен	Бір экранды жасау үшін қажет ақпаратты кескіннің жоғарғы жағынан бастап және төменгі жағына дейін жүріп, әрбір келесі жолақты жіберу арқылы тасымалдайды. Кескіндердің жыпылықтау ықтималдығы жоғарырақ, өйткені әр екінші желіде бір жақтау көрсетіледі.



Жалпы ескертпелер

Барлық құқықтары қорғалған. Бұл жарияланымның ешбір бөлігін Seiko Epson Corporation компаниясының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз көшірмелеуге, іздеу жүйесінде сақтауға немесе ешбір пішінде не ешбір жолмен, электрондық, механикалық, фотокошіру, жазу не басқаша таратуға болмайды. Мұнда қамтылған ақпараттың қолданылуына байланысты ешқандай патенттік жауапкершілік қарастырылмаған. Сондай-ақ мұнда қамтылған ақпараттың қолданылу нәтижесінен пайда болған зақымдар үшін ешқандай жауапкершілік қарастырылмаған.

Seiko Epson Corporation компаниясы мен оның филиалдары келесі жағдайлардың нәтижесінде сатып алушы не үшінші тараптар тап болған зақымдар, шығындар не ұсталымдар үшін осы өнімнің сатып алушысы не үшінші тараптарға жауап бермейді: жазатайым оқиға, қате пайдалану немесе осы өнімді теріс пайдалану немесе осы өнімді рұқсатсыз өзгерту, жөндеу не түрлендіру немесе (АҚШ қоспағанда) Seiko Epson Corporation басқару және техникалық қызмет көрсету нұсқауларын бұлжытпай орындамау.

Seiko Epson Corporation компаниясы түпнұсқалы Epson өнімдерінен немесе Seiko Epson Corporation компаниясы мақұлдаған Epson өнімдері ретінде белгіленгендерден басқа кез келген опциялар не кез келген тұтынылатын өнімдердің қолданылуынан пайда болған ешқандай зақымдар мен мәселелер үшін жауапкершілігін көтермейді.

Бұл нұсқаулық ескертусіз өзгертілуі не жаңартылуы мүмкін.

Бұл нұсқаулықтағы суреттер мен нақты проектор арасында айырмашылық болуы мүмкін.


Пайдалану бойынша шектеулер



Бұл өнім авиация, теміржол, теңіз, автокөлік және т.б.; апаттардың алдын алу құрылғылары; түрлі қауіпсіздік құрылғылары және т.б.; немесе функционалды/дәл құрылғылар және т.б. сияқты сенімділік/қауіпсіздіктің жоғары деңгейін талап ететін жағдайлар үшін пайдаланылғанда, қауіпсіздік пен жалпы жүйе сенімділігін сақтау үшін өнімді тек құрылымының сенімділігі мен артықтықтығын қарастырғаннан кейін пайдалану керек. Бұл өнім авиағарыштық жабдық, негізгі байланыс жабдығы, атом қуатын басқару жабдығы немесе тікелей дәрігерлік жәрдемге қатысты медициналық жабдық және т.б. сияқты сенімділік/қауіпсіздіктің аса жоғары деңгейін талап ететін салаларда арналмағандықтан, осы өнімді толығымен бағалағаннан кейін оның қолайлылығын талдаңыз.



Ескерту жапсырмалары

⚠ Ескерту

- Бұл өнім ескерту жапсырмалары жабыстырылған күйде беріледі.



 RG2	⚠ WARNING WARNING: Never look into the lens. AVERTISSEMENT : Ne regardez jamais dans l'objectif. WARNUNG : Blicken Sie niemals in das Objektiv.
 CAUTION: Do not put your finger in the moving parts of the projector's lens. ATTENTION : Ne pas mettre le doigt dans les parties mobiles de l'objectif du projecteur. ACHTUNG: Vermeiden Sie den Kontakt mit beweglichen Teilen der Linse.	⚠ CAUTION

 RG2	⚠ WARNING WARNING: Never look into the lens. 경고: 작동중 절대 렌즈 안을 보지 마십시오. 警語: 請勿直視鏡頭。
 CAUTION: Do not put your finger in the moving parts of the projector's lens. 주의: 프로젝터 렌즈의 움직이는 부분에 손가락을 넣지 마세요. 注意: 請勿將手指伸入投影機鏡頭的移動式零件內。	⚠ CAUTION

- Кез келген жарық көзіне сияқты сәулеге де тіке қарамаңыз (RG2 IEC/EN 62471-5:2015).


Жалпы ескертпе

"EPSON" – Seiko Epson Corporation компаниясының тіркелген сауда белгісі.

"ELPLP" — Seiko Epson Corporation компаниясының тіркелген сауда белгісі немесе сауда белгісі.

Mac және OS X - Apple Inc. компаниясының сауда белгілері.

Windows және Windows логотипі — Microsoft корпорациясының Америка Құрама Штаттарындағы және/немесе басқа елдердегі сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

HDMI және High-Definition Multimedia Interface HDMI Licensing LLC компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады. 

Bluetooth® маркалық белгісі және логотипі Bluetooth SIG, Inc. компаниясының тіркелген сауда белгісі болып табылады және Seiko Epson Corporation компаниясы осы белгілерді лицензияға сәйкес пайдаланады. Басқа сауда белгілері және фирма атаулары жеке иегерлерінің меншігі болып табылады.

Bluetopia® is provided for your use by Stonestreet One, LLC® under a software license agreement. Stonestreet One, LLC® is and shall remain the sole owner of all right, title and interest whatsoever in and to Bluetopia® and your use is subject to such ownership and to the license agreement. Stonestreet One, LLC® reserves all rights related to Bluetopia® not expressly granted under the license agreement and no other rights or licenses are granted either directly or by implication, estoppel or otherwise, or under any patents, copyrights, mask works, trade secrets or other intellectual property rights of Stonestreet One, LLC®.

© 2000-2012 Stonestreet One, LLC® All Rights Reserved.

WPA™ және WPA2™ - Wi-Fi Alliance компаниясының тіркелген сауда белгілері.

App Store Apple Inc. сауда белгісі болып табылады

Google Play Google Inc. сауда белгісі болып табылады

«QR Code» - DENSO WAVE INCORPORATED компаниясының тіркелген сауда белгісі.

«CINEMASCOPE» - Twentieth Century Fox кинокорпорациясының тіркелген сауда белгісі.

InstaPrevue және InstaPrevue логотипі — Silicon Image, Inc. компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

Мұнда пайдаланылған басқа өнім атаулары тек анықтау мақсатында пайдаланылған және тиісті иелерінің сауда белгілері болуы мүмкін. Epson сол белгілерге қатысты кез келген және барлық құқықтардан бас тартады.

©SEIKO EPSON CORPORATION 2018. All rights reserved.



Indication of the manufacturer and the importer in accordance with requirements of directive 2011/65/EU (RoHS)

Manufacturer: SEIKO EPSON CORPORATION

Address: 3-5, Owa 3-chome, Suwa-shi, Nagano-ken 392-8502 Japan

Telephone: 81-266-52-3131

<http://www.epson.com/>

Importer: SEIKO EUROPE B.V.

Address: Azië building, Atlas ArenA, Hoogoorddreef 5, 1101 BA
Amsterdam Zuidoost The Netherlands

Telephone: 31-20-314-5000

<http://www.epson.eu/>

З		Е	
3D brightness	64	Event ID	91
3D display	64	Extended menu (Кеңейтілген мәзір)	70
3D format	64	F	
3D settings	64	Fine Line Adjust	35, 63
3D viewing notice (3D көру туралы ескерту)	64	Frame Interpolation (кадр интерполяциясы)	62
3D кескіндері	44	Full (Толық)	33
3D көзілдірік	45	G	
A		Gain (Күшейту)	63
Advanced	63, 66	Gamma	40
AMX Device Discovery	78	Gateway Address	76
Aspect	64	H	
Auto iris (Автоматты ирис)	36, 64	HDMI Link	67
Auto setup (авто. орнату)	65	HDMI link	48
B		HDMI порты	48
Basic (Негізгі) мәзірі	75	High altitude mode	72
Blanking	65	Home Screen	70
Brightness	62	Home screen	25
Brightness (жарықтық)	63	Hue (Реңк)	63
C		I	
CEC стандарттары	48	Illumination	72
Channel	76	Image (Кескін) мәзірі	62
Child lock (Балалар құлпы)	68	Image Enhancement	63
Color Depth	79	Image enhancement	35
Color Format	79	Info (Ақпарат) мәзірі	79
Color Mode (түс режимі)	62	Inverse 3D Glasses (Инверсиялық 3D көзілдірік)	64
Color Saturation	62	IP Address	76
Color Space	66	IP Address Display	77
Color Temp.	62	IP Settings	76
Color Uniformity	71, 102	K	
Connection Mode	76	Keystone	66
Contrast	62	L	
Control panel lock (Басқару тақтасының құлпы)	68	LAN порты	20
Control4 SDDP	78	Language	72
D		Load Lens Position	69
DHCP	76	Load memory	42
Direct power on	72	Lock setting (Құлыпты орнату)	68
Display	71	M	
Display Background	71	Memory	69
Display LAN Info.	75	Memory function	42
Display the QR Code	74		
Dynamic Range	66		

Messages	71	SSID	76
Model Name	71	SSID Display	77
Monitor Password	75	Standby Mode	72
N		Startup Screen	71
Noise (Бұрмалану)	85	Subnet Mask	76
O		Сync. (синх.)	65
Offset (Ауытқу)	63	T	
Operation	72	Tint	62
Overscan	65	Tracking (бақылау)	64
P		Trigger Out портына жалғау	20
Panel Alignment	71, 73, 100	U	
Passphrase	77	User button (пайдаланушы түймесі)	69
Picture in Picture	50	V	
PJLink	104	Version	79
PJLink Password	75	W	
Position (позиция)	65	Wireless LAN (Сымсыз жергілікті желі) мәзірі	76
Projection	71	Wireless LAN Power	74
Projector Info	79	Z	
Projector Name (проектор атауы)	75	Zoom (Масштабтау)	33
R		A	
Remote Password	75	Ауа сүзгісі	93
Reset	64, 66, 69, 73	Ауа сүзгісін ауыстыру	96
Reset (Ысыру) мәзірі	78, 79	Ауа сүзгісін ауыстыру кезеңі	95
Reset all (барлығын қалпына келтіру)	79	ауа сүзгісін тазалау	93
Reset Lamp Hours (шам уақытын қалпына келтіру)	79	Ауа сүзгішінің қақпағы	93
Reset Lens Position	79	ауыстыру уақыты	95
Reset Memory (жадты қалпына келтіру)	79	Ауытқу	38
RGB реттеу	38	Б	
RGBCMY	38, 63	Басқалар мәзірі	78
S		Басқару тақтасы	7
Saturation (қанықтық)	63	Бейне жабдығын жалғау	19
Save Lens Position	69	В	
Save memory	42	Виртуалды пернетақта	75
Search Access Point	76	Е	
Security	77	Еңкейтуді реттеу	30
Security (Қауіпсіздік) мәзірі	77	Ж	
Settings мәзірі	66	Жалғау	19
Sharpness	34, 62		
Signal (Сигнал) мәзірі	64		
Sleep mode	72		
Soft Focus Detail	35, 63		
Source	25		

жарықтық	38	Т	
Желі мәзірі	74	Техникалық сипаттамалар	108
Желі туралы ақпарат	74	Трапеция	30
жоғарғы мәзір	61	Трапециялық бұрмалану	30
Жұмыс ауқымы	23	түс режимі	32
Жұмыс уақыты	99	Ф	
К		Фокустау	85
Кадр пішімі	33	Фокусты реттеу	28
Кадрлар интерполяциясы	36	Ш	
Кескін	32	Шам қақпағы	6
Компьютерді жалғау	19	шам қақпағы	97
Конфигурация мәзірі	61	Шам қақпағын бекіту бұрандасы ...	97
Көрсеткіштер	80	Шам сағаттарын ысыру	99
Күшейту	38	Шамды ауыстыру	97
Қ		Шамды ауыстыру кезеңі	95
қанықтық	38	Шығын материалдары үшін ауыстыру	
Қате/ескерту көрсеткіштері	80	кезеңдері	95
Қашықтан басқару құралы	9, 22	Шығын материалдарын ауыстыру	
Қолдау көрсетілетін		96
ажыратымдылықтар	106	І	
Қуат	26	ішкі мәзір	61
Қуат көзі	24		
Қуатты тұтыну	64		
М			
масштабты реттеу	28		
мәзір	61		
Н			
Негізгі бөлікті тазалау	94		
О			
Объективті жылжыту	29		
Объективті тазалау	95		
П			
Проекция өлшемі	28		
Р			
Реңк	38		
Реттеу фокусы	28		
С			
салқындату	26		
Сымды LAN мәзірі	77		
Сынақ үлгісін көрсету	27		
Сыртқы көрінісі	110		